

**"Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 386
қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 14 қазандағы № 739 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 13 шілдедегі
№ 560 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 560 (алғашқы ресми
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері"
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 386
қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен
жүргізу, сондай-ақ ғылыми құқықтық сарапшыларды іріктеу қағидаларында:

97-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша заң жобасын
әзірлеуші орган басшысының жетекшілік ететін орынбасары әрбір парағын
дәйектеген және қол қойған қабылданатын заң жобасы қолданысының
әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау жөніндегі паспортты (қазақ және
орыс тілдерінде) (бұдан әрі – паспорт).

Парламент депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленетін заң
жобаларын ғылыми экономикалық сараптамаға жіберген кезде паспорттың әрбір
парағын заң жобасын әзірлеуге бастама жасаған Парламент депутаты/
депутаттары дәйектейді және қол қояды;"

көрсетілген Қағидаларға қосымшада:

ғылыми экономикалық сараптамаға ұсыну үшін Қазақстан Республикасының
қабылданатын заң жобалары қолданысының әлеуметтік-экономикалық салдарын
бағалау жөніндегі паспортта:

мына:

"

Әзірлеуші - орындаушының байланыс ақпараты	Т.А.Ә.: Лауазымы: Тел.: Электрондық пошта мекенжайы:
--	---

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Әзірлеуші - орындаушының байланыс ақпараты	Т.А.Ә. (бар болса): Лауазымы: Тел.: Электрондық пошта мекенжайы:
--	---

";

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Т.А.Ә. _____

—

(заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік орган басшысының жетекшілік ететін орынбасарының/заң жобасын әзірлеуге бастама жасаған Парламент депутатының /депутаттарының қолы)".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин